КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАУЛЫ

2025 жылғы 20 қараша 2399-25-00-2а/1000 Атырау қаласы

Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында:

төрағалық етуші судья М.А.Парменов,

алқа судьялары Б.Б.Жумабаев, А.К.Ташенова болып,

талап қоюшының өкілі Г.А.Алматованың,

жауапкердің өкілі Е.Мураттың қатысуымен,

Атырау облыстық соттың сот залында аудио,-бейнежазба байланыс құралын қолданумен «Whatsapp» мобильді бейнеконференцбайланыс арқылы өткен ашық сот отырысында талап қоюшы «Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Er-Dos MG» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы азаматтық істі

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 24 шілдедегі шешіміне жауапкер «Er-Dos MG» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің берген апелляциялық шағымы бойынша қарап,

АНЫҚТАҒАНЫ:

«Атырау облысы мемлекеттік сатып алу және коммуналдық меншік басқармасы» мемлекеттік мекемесі жауапкер «Er-Dos MG» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (әрі қарай-ЖШС) мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрап, жауапкердің мемлекеттік сатып алу жөніндегі шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамағанын көрсетіп, талап қоюымен жүгінген.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (әрі қарай - сот) 2025 жылғы 24 шілдедегі шешімімен талап қою қанағаттандырылған.

«Er-Dos MG» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылған.

Жауапкер апелляциялық шағымында сот шешімінің күшін жойып, талап қоюды қанағаттандырудан бас тарту туралы жаңа шешім шығаруды сұрап, шарттың қолданылу мерзімі 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін белгіленгенін, шартты бұзу туралы мәліметтер сотқа ұсынылмағанын, сот тұжырымдары істің мән- жайына сәйкес келмейтінін көрсеткен.

Сот отырысына қатысушылардың түсініктемелерін тыңдап және іс құжаттарын зерттеп, сот алқасы сот шешімінің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіз жоқ деген тұжырымға келеді.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай- АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

АК-тің 272-бабына сәйкес, міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 28.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 27.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Ташенова А. К., 27.11.2025

талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Заңының (әрі қарай-Заң) 8-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғаны, тараптардың арасында 2025 жылғы 17 наурызда мемлекеттік сатып алу туралы №31 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі - Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «жеңіл, автоматты, трансмиссия, көлемі 3 000 куб.см дейін 1 (бір) дана автокөлігін жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы - 23 164 088 теңге. Шарт бойынша тауарды жеткізу мерзімі - келісім-шартқа қол қойылғаннан кейін күнтізбелік 20 күн ішінде, 2025 жылғы 6 сәуірге дейін.

Алайда жауапкер шарт бойынша міндеттемесін белгіленген мерзімде орындамаған.

Шарт бір жақты орындалмауына байланысты 2025 жылғы 23 сәуірде бұзылған.

Сот отырысында жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны, автокөлік жеткізілмегені, мемлекеттік мекемеге қызметтік автокөлік керек болғаны, нәтижесінде жағымсыз салдар пайда болғаны анықталған. Бұл жай іске тіркелген құжаттармен толық расталған, сондай-ақ, жауапкермен теріске шығарылмайды.

Алқа соттың жауапкер тарапынан келтірілген, заутта тауар болмағандықтан тауарды уақытында жеткізе алмағаны жөніндегі уәждерді назарға алмауын негізді деп дұрыс есептеп, соттың осы түйінімен келіседі. Себебі жауапкер өз уәждерін растайтын құжаттарды сотқа ұсынған жоқ.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен дұрыс қанағаттандырылған.

Сондықтан, іс бойынша сот шешімінің күшін жоюға немесе өзгертуге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай - АПК) 427 бабында көзделген жайлар анықталмағандықтан, сот шешімі өзгеріссіз, жауапкердің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдыруға жатады.

АПК-нің 424-бабының 1-бөлігінің 1) тармақшасын, 425-бабының 1) тармақшасын, 426, 431,434- баптарын басшылыққа алып, алқа

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 28.11.2025

Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 27.11.2025

Құжатқа қол қойылған: Ташенова А. К., 27.11.2025

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 24 шілдедегі шешімі өзгеріссіз, жауапкер «Er-Dos MG» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің апелляциялық шағымы қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа да тұлғалар (сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар) және олардың өкілдері Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 435, 436- баптарының талаптарын сақтай отырып, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай мерзімде кассациялық тәртіппен қайта қарау жөнінде азаматтық істер жөніндегі кассациялық сотқа кассациялық шағым, прокурор наразылық беруге құқылы.

Төрағалық етуші М.А.Парменов

Судьялар Б.Б.Жумабаев

А.К.Ташенова

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Парменов М. А., 28.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Жумабаев Б. Б., 27.11.2025
Құжатқа қол қойылған: Ташенова А. К., 27.11.2025

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?
ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911